

**«Аққұдық орта мектебі» КММ  
Қамқоршылық кеңес отырысы  
№2 ХАТТАМАСЫ**

**Өтілген күні:** 25.05.2023ж.

**Қатысқандар:**

1. Иманкулов Аскар – Қамқоршылық кеңес төрағасы, КХ «Мурат» басшысы.
2. Жампинова Роза – Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары, ЖК «Несібе» дүкені басшысы.
3. Ногайбаев Сабыржан – Қамқоршылық кеңес мүшесі, ақсақалдар қауымдастығының мүшесі.
4. Сейтжанов Бауыржан – Қамқоршылық кеңес мүшесі, зейнеткер.
5. Аблясов Максат – Қамқоршылық кеңес мүшесі, ЖШС «АМК», мастер.
6. Сарсеков Бауыржан – Қамқоршылық кеңес мүшесі, КХ «Жандос» басшысы.
7. Төлепберген Ерлан – Қамқоршылық кеңес мүшесі, КХ «Ерулан» басшысы.
8. Жаманова Даража – Қамқоршылық кеңес мүшесі, КХ «Жаманов» басшысы.
9. Даулетьярова Анара – Қамқоршылық кеңес мүшесі, Аққұдық ауылдық округі әкімінің бас маманы.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Мектепте оқу жылының аяқталуын ұйымдастыру шаралары
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру
3. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша атқарылған және атқарылатын жұмыстар туралы

**Бірінші мәселе бойынша-** Мектеп директоры А.М.кунтаев «Қамқоршылық кеңесінің» мүшелеріне жылдық есебіне талдау жасап, толықтырулар мен өзгертулер енгізілгені туралы хабардар етті. 2022-2023 оқу жылы сәтті аяқталып, айтарлықтай жетістіктерге жеттік. Биылғы оқу жылында ғылыми жоба, олимпиада, байқауларға қатысып, оқушыларымыз керемет нәтиже көрсетті. Жалпы мектеп бойынша білім сапасы-56%. Оқушыларымыз спорттық сайыстардан, ән, би байқауларынан да қалыс қалмады. Мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға үнемі қолдау көрсетілетіндігі туралы айтылды. Мектепте қолайсыз, жетім, есепте тұрған оқушылар жоқ екендігін айтып өтті. Сонымен қатар биылғы жылы дәстүрлі «Туған жерге тағзым» акциясы аясында «Самғатқан сан қыранды, алтын ұям!» атты түлектер форумы өтіліп, мектептің 55, 40, 35, 20 жыл болған түлектері қатысып, демеушілік танытып, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға өз үлестерін қосу жоспарда бар екенін айтып атап өтті.

**Екінші мәселе бойынша** «Қазақстан халқы» Қоғамдық қорының «QH Жаздық жолдама» қайырымдылық жобасы аясында 5-8 сынып оқушыларын жазғы лагерьге жіберу туралы мәселені қарау.

Іріктеу критерийлері: үздіктер, конкурс жеңімпаздары.

**Сөз сөйлейді.** Тәрбие ісінің орынбасары А.Е.Ақниязова. Мектебімізде «QH Жаздық жолдама» қайырымдылық жобасы аясында 5-8 сынып оқушыларын жазғы лагерьге жіберуге 5 оқушы ұсынылып отыр. Бұл оқушылары оқу озаттары мен конкурс жеңімпаздары. Іріктеу критерийлеріне сәйкес болып отырғандықтан кеңес мүшелері өздерінің дауыстарын берсе.

**Дауыс беру:** келісті – 9  
қарсы – 0  
қалыс қалды – 0

**Үшінші мәселе бойынша** А.М.Кунтаев – мектеп директоры сөйледі.  
Мектеп директоры Ардак Мырзатаевич Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде «Туған жерге тағзым» акциясы аясында түлектермен жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтып өтті. Оның ішінде 2003, 1993, 1983, 1968 жылғы мектеп түлектерімен жиналыс кездесулер ұйымдастырылғандығы туралы айтылды.

**Сөйледі:** А.С.Иманкулов қамқоршылық кеңестің төрағасы:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы Аскар Сагинаевич мектептің биылғы оқу жылында материалдық – техникалық базасын жабдықтау қажеттілігі туындап тұрғандығы туралы, оны жабдықтау үшін қаражат көзін түлектердің демеушілігімен іске асыру керек екендігін айтып өтті. Мектептің материалдық – техникалық базасын жабдықтау үшін қаражат көзін қарастыруды демеушілер арқылы іске асырмаса болмайтындығын соның ішінде биылғы оқу жылында 20 жыл, 30 жыл, 40 жыл, 55 жыл болған мектеп түлектерінің демеушілігімен жоспарланып отырған іс-шараларды атап өтті.

2003 жылғы 20 жылдық түлектер мектепке және сынып жетекшілеріне 155 000 тг көлемінде жар сағатын сыйға тартатының;

1993 жылғы 30 жылдық түлектер 250 000 тг көлемінде мектептің 3 кабинетін жиһазбен жабдықтауды;











1983 жылғы 40 жылдық түлектер 550 000 тг көлемінде мектептің 1 қабатына мемлекеттік рәміздер бұрышын жасақтауды жоспарлап отырғандығын атап өтті.

1968 жылғы түлектер жалпы соммасы 200 000 тг көлемінде мектептің 2 қабатын жұмыс үстелін орындықтарымен жабдықтауды және даярлық сынып пен 11 сынып түлектеріне сый сияпат жасаулы жоспарлауда екенін атап өтті.

### **Шешім:**

1. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы жақсы деп танылсын.
2. «Қазақстан халқы» Қоғамдық қорының «QH Жаздық жолдама» қайырымдылық жобасы аясында 5-8 сынып оқушыларынан 5 оқушы жазғы лагерьге жіберілсін.
3. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстарын мектеп түлектерінің демеушілігі арқылы ұйымдастыру жүзеге асырылсын.

**Қосымша:** кесте, балалар тізімі

Қамқоршылық кеңес төрағасы:	А.Иманкулов (АТӘ)	/  / қолы
Хатшы:	А.Ж.Муздакова	/  / қолы
Мүшелері:	Р.Жампинова (АТӘ)	/  / қолы
	С.Ногайбаев (АТӘ)	/  / қолы
	Б.Сейтжанов (АТӘ)	/  / қолы
	М.Аблясов (АТӘ)	/  / қолы
	Б.Сарсеков (АТӘ)	/  / қолы
	Е.Төлепберген (АТӘ)	/  / қолы
	Д.Жаманова (АТӘ)	/  / қолы
	А.Даулетьярова (АТӘ)	/  / қолы